

ӘДЕБИЕТТАНУ

ӘОЖ 82.09; 82-95; МҒТАР 17.82.09

<https://doi.org/10.47526/3107-3085.347>Г.Ж. ОРДА 

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

e-mail: Orda_68@mail.ru

ДЕТЕКТИВ ӘНГІМЕЛЕР: ОҚИҒАЛАР МЕН КЕЙІПКЕРЛЕР ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа. Мақалада Т. Берікқызының «Шебердің шындығы», Е. Бейсеновтің «Ағайындылардың ажалы», Ә. Байболдың «Миллион», Қ. Шамахайұлының «Екеудің салған ойраны», Ж. Қалибекқызының «Ойыншық» жұмыртқа», Г. Нұрханованың «Жалғыздың кегі», А. Жусанбайдың «Қанды сурет», Қ. Ғұмаровтың «Түнде жортқан қасқырлар» әңгімелерін қарастыру арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының дамуы қарастырылды. Оқырман қызыға оқитын жанр әлем әдебиетінен үлкен орын алса, қазақ қаламгерлері де аталған жанрды дамытуда қоғам өміріндегі түрлі қылмыстарды әдебиетке алып келуде. Жазушылардың детектив шығармаларға тән «оқырманмен ойнау», «оқырманды алдау», «саспенс», «жүйкемен ойнау», «жалған іздер», «оқырманды адастыру» әдістерін қалай пайдаланғандығы нақты шығармалар негізінде талданды. Жанр табиғатына сай бұл шығармаларға да түрлі жағдайда жасалған құпия қылмыстар арқау болса, сол қылмысты ашудағы шытырман оқиғалар оқырманын баурап отыратындығына назар аударылды.

Оқиғалар жүйесіне салыстырмалы-типологиялық, құрылымдық және әдеби-теориялық талдау жасауда детектив әңгімелерде оқиғалардың бірізді дамитыны оқиғаның құпия қылмыспен басталуы, оқиғалардың кезең-кезеңімен дамуы, тартыстың шиеленісуі, кейіпкерлер арасындағы тартыс, шарықтау шегі және мәселенің шешілуімен сараланды. Кейіпкерлер жүйесіне талдау жасауда тергеуші, қылмыскер тәрізді бас кейіпкерлер мен жанама кейіпкерлердің монологтары, сөйлеген сөздері, әс-әркеттері мен қимылдары, өмірлік ұстанымдары негізге алынды. Құпия қылмысты ашудағы көркем детальдардың маңызы айқындалып, олардың сюжеттік-композициялық тұтастықты қалыптастырудағы рөлі көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ детективтік әңгімелерінде қоғамдағы әлеуметтік мәселелер мен қылмыстық құбылыстардың көркем бейнеленетіні, сондай-ақ мұндай шығармалардың оқырманды адамгершілік құндылықтар туралы ойландыруға ықпал ететіні анықталды.

Кілт сөздер: қазіргі қазақ прозасы, детектив, монолог, диалог, кейіпкер сөзі, көркем деталь.

Кіріспе

Әлем әдебиетіне көз жүгіртетін болсақ, детектив жанрының негізін қалаушы, Огюст Дюпен туралы шоғырлы әңгімелердің авторы Эдгар Аллан По, ұлыбританиялық Шерлок

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Орда Г.Ж. Детектив әңгімелер: оқиғалар мен кейіпкерлер жүйесі // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – Б. 158-171. <https://doi.org/10.47526/3107-3085.347>

***Cite us correctly:**

Orda G.Zh. Detektiv angimeler: oqigalar men keiipkerler zhuiesi [Detective Stories: The System of Events and Characters] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №2 (2). – Б. 158-171. <https://doi.org/10.47526/3107-3085.347>

Мақаланың редакцияға түскен күні 08.02.2026 / қабылданған күні 30.06.2026

Холмс туралы шығармалардың авторы Артур Конан Дойл, Эркюль Пуаро мен Мисс Марплдың авторы Агата Кристи, әкей Браун туралы детективтердің авторы Гилберт Кит Честертонның шығармалары оқырманға кеңінен таныс.

XX ғасырдағы классикалық детективтерден комиссар Мегрэ туралы романдар жазған французлық Жорж Сименон, американдық Филип Марлоу туралы жазған Рэймонд Чандлер, «Мальта сұңқары» романының авторы Дэшил Хэммет, логикалық детективтер жазған Эллери Куин, әзербайжан жазушыларынан Ш. Абдуллаев, Ж. Әміров, қазақ жазушыларынан С. Сейфуллин, Қ. Исабаев, К. Тоқаев тәрізді детективтің негізін қалаушылардың есімі ойымызға оралады.

Детектив жанры бүгінгі таңда да қалыптасқан дәстүрлі жолын жалғастырып даму үстінде. Бұл қатарда Умберто Эконың «Раушан аты», Стиг Ларссонның «Мыңжылдық» трилогиясы, Дэн Браунның интеллектуалдық детектив-триллерінің қатарын қазақ жазушылары толықтырады. Қазіргі таңда қазақ детективі де дамудың жаңа белесіне көтерілді. Б. Қалаубай, М. Әбдәкімұлы, Ә. Шаймағамбетов, Н. Саматұлы тәрізді жазушылардың қатары күн санап толығуда. 2018 жылдан бері тұрақты түрде «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС өткізіп келе жатқан республикалық және К. Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған әдеби байқаулар детектив жанрының дамуын жеделдетті. Зерттеу нысанына алынып отырған Т. Берікқызының «Шебердің шындығы», Е. Бейсеновтің «Ағайындылардың ажалы», Ә. Байболдың «Миллион», Қ. Шамахайұлының «Екеудің салған ойраны», Ж. Қалибекқызының «Ойыншық» жұмыртқа», Г. Нұрханованың «Жалғыздың кегі», А. Жусанбайдың «Қанды сурет», Қ. Ғұмаровтың «Түнде жортқан қасқырлар» әңгімелері 2018 жылғы байқаудан жүлделі орындарды иеленген туындылар екенін баса айтуға болады.

Детектив шығармаларды оқырман іздеп оқитындықтан, қай кезеңде де детектив жазатын жазушылардың шығармалары кітап сөрелерінен түскен емес. Мәскеуде 1989-1992 жылдары «Детектив и политика» альманахы үздіксіз шығып тұрды [1, 258-б.]. Қазақ қаламгерлерінің де шығармалары әр жылдары жеке жинақ болып оқырманның қолына тиді. Бұл қатар екі томдық «Серт» [2, 416-б.], «Шырғалаң» [3, 381-б.] тәрізді қазақ жазушыларының детектив шығармалар жинағымен толықты. Және қатарды «Заң» газетінің ZANMEDIA.KZ – Қоғамдық-саяси, құқықтық сайтында үздіксіз жарияланып тұратын шығармалар қатары толықтыруда.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Тақырыпты зерттеуде топтау, жүйелеу, салыстырмалы әдістер арқылы нәтижеге қол жетті. Қазіргі қазақ әңгімелерін топтап жүйелеуде 2018 жылғы байқауда көпшілік оқырманның ықыласына бөленіп, жүлделі орындарды иемденген шығармалар іріктеп алынды. Зерттеуге алынған әңгімелерді салыстыра зерттеудің арқасында бүгінгі таңдағы қылмыс әлемінің әдебиетке келгені бағамдалды.

Оқиғалар жүйесіне талдау жасауда шығармалардың құрылымы анықталып, жазушылардың қылмысты ашудағы «оқырманмен ойнау», «оқырманды алдау», «саспенс», «жүйкемен ойнау», «жалған іздер», «оқырманды адастыру» әдіс-тәсілдері мен көркем детальды пайдаланудағы ерекшелігіне көңіл аударылды. Кейіпкерлер жүйесіне талдау жасауда әр шығармадағы басты кейіпкер мен жанама кейіпкерлердің монолог, диалог, іс-қимыл әрекеттеріне үңілудегі авторлардың стильдік ерекшелігі мен әдіс-тәсілдері бағамдалды.

Детектив жанры даму үстінде болғандықтан, әдебиеттанушылар тарапынан да тыңғылықты зерттелуде. Әзербайжан әдебиеттанушылары әзербайжан әдебиетіндегі детектив жанрын тарихы мен бүгінгі даму бағыттарын әлем әдебиетімен салыстыра зерттеуде. М.-Б.С. Алтайқызының «Детективный жанр в азербайджанской литературе» [4, 185-б.] диссертациясында әзербайжан әдебиетіндегі детектив жанрының қалыптасуы мен дамуы зерттелсе, И.М. Мамедованың «Қазіргі АҚШ және Әзербайжан әдебиетіндегі

детектив жанрының жаңа реңктері» диссертациясында қазіргі американдық және әзербайжандық жазушылардың детектив шығармалары салыстырыла зерттелді [5, 22-б]. Ал, қазақ детективінің зерттелуі соңғы ширек ғасыр төңірегінде қалыптасуда. Бұл бағытта қазақ детективінің негізін қалаушы К. Тоқаев шығармалары аясында бірнеше еңбек жарық көрді. А. Жунусова «Жазушы Кемел Тоқаев және қазақ әдебиетінің детектив жанрын ЖОО-да оқыту» деген тақырыпта диссертация қорғап, жазушы шығармаларын жоғары оқу орнында оқытудың моделін ұсынды [6, 135-б.]. «Әдебиеттегі детектив жанрының тарихын зерттеу: Әдеби сыншылармен сұхбаттарға негізделген сапалық зерттеу» мақаласында әлем әдебиетімен бірге қазақ детективінің қалыптасуы мен дамуын, бүгінгі даму бағытын қарастырды [7, 22-б.]. Студенттер мен аспиранттардың Бүкілресейлік ғылыми-практикалық «Детективный жанр в искусстве: социальный, психологический, литературный аспекты в прошлом и настоящем» атты конференцияда өнердегі детектив жанрының әлеуметтік, психологиялық және әдеби аспектілері қарастырылды [8, 148-б.].

М.Н. Агафонованың «Жанр детектива и творчество Ж. Сименова» [9, 1-б.] мақаласында детективтің жанрлық ерекшелігі Ж.Сименов шығармашылығы аясында қарастырылса, Е. Лампорттың «Америка в отрожении детективного жанра» [10, 15-б.] мақаласында американдық жазушылардың детектив шығармалары жан-жақты зерттелген. Г. Орданың «С. Олжабайдың «Қыз жылаған түн» детективті повесінің көркемдік ерекшелігі» деген мақаласында жазушы Сабырбек Олжабайдың аталған повесі [11, 50-60-бб.], Э. Мансурованың «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестердің жанрлық ерекшелігі» деген мақаласында А. Аймағамбеттің «Бұрылысқа жарты қадам қалғанда» (2023), М. Анарбекұлының «Шымкенттегі шырғалаң» (2021), А. Хонждың «Екеудің көлеңкесі» (2021), Е. Паевскаяның «Адьюторы» тәрізді повестері зерттеу нысанына алынған [12, 210-223-бб.]. Авторлар қазақ әдебиеті тарихындағы детективті повестердің қалыптасуы мен дамуын зерделей отырып, жанрлық ерекшеліктерін ғылыми саралаған.

Тақырыпты зерттеуде ғылыми мақалалармен бірге Ж. Шамұратованың аталған жанр туралы «Қазақ детективі бар ма, жоқ па?» сұхбатын, сыншы А. Кеңшілікұлының «Қазақ детективін қашан оқимыз?», Т. Тәшеновтің «Қазақ детективі қашан жанданады?» тәрізді көпшілік мақалаларын басшылыққа алдық. Ж. Шамұратованың «Қазақ детективі бар ма, жоқ па?» сұхбатында детектив жазып жүрген жазушылар қазіргі қазақ детективінің дамымай жатқандығына алаңдаушылық білдірсе, «Заң» газетінің бас редакторы А.Сембаева республикалық байқау жариялау арқылы детектив жанрын көтеруге болатынын ұсынған болатын. Сыншы А. Кеңшілікұлы «Қазақ детективін қашан оқимыз?» мақаласында әлем әдебиетінде детективтің сұранысқа ие екенін айта келіп, қазақ жазушылары да оқырманның сүйіп оқитын жанрына көңіл аудару керектігіне көңіл аударды. Т. Тәшеновтің «Қазақ детективі қашан жанданады?» мақаласында қазақ детективінің дамымай жатуының бірнеше себебін атап көрсетеді. Біріншіден, Кеңес заманында детектив жазатын санаулы адамдар ғана КГБ-ның, тергеу орындарының рұқсатымен мұрағат ақтаруға қол жеткізетіндігінен, екіншіден, қазақ халқының үлкен қалаларға енді шоғырлануынан, үшіншіден, нарық заманында баспалар тарапынан қызығушылықтың болмауынан деп түсіндіреді. Автордың айтуы бойынша детектив жанры баспалар тарапынан қызығушылық танытқанда ғана жанданбақ.

Талдау мен нәтижелер

Қазіргі қазақ детективінің даму бағыттарын анықтауда детектив шығармалар топтастырылған «Шытырман» жинағындағы 2018 жылғы жүлделі шығармалар зерттеу нысанына алынды. Байқау қорытындысы бойынша Т. Берікқызының «Шебердің шындығы», Е. Бейсеновтің «Ағайындылардың ажалы», Ә. Байболдың «Миллион», Қ. Шамахайұлының «Екеудің салған ойраны», Ж. Қалибекқызының «Ойыншық» жұмыртқа», Г. Нұрханованың «Жалғыздың кегі», А. Жусанбайдың «Қанды сурет», Қ. Ғұмаровтың «Түнде жортқан қасқырлар» әңгімелері жүлдегер деп танылған. Сыншы А. Кеңшілікұлы айтқандай шетелдік

жазушылар ғана емес, қазақ жазушылары да детектив жанрын дамытуға үлес қоса бастады [13, 3-б.].

Детективті шығармалардың құрылымын жанрлық ерекшелігіне сай кіріспе (экспозиция), қылмыс немесе құпия оқиға, тергеудің басталуы, шиеленіс, шешімі, қорытынды (эпилог) деп қарастыратын болсақ, Т. Берікқызы «Шебердің шындығы» шығармасын өз ішінен «Нысана», «Қардағы қан», «Тосын жай», «Ағашқы айғақтар», «Жанкешті», «Ақиқат» деген тақырыпшаларға бөлу арқылы жекелеген эпизодтарға назар аударған.

«Кіріспе» – Алматы қаласындағы белгілі сәулетшілердің бірі Роман Вехтенің нысанаға алынуы болса, «Қылмыс немесе құпия оқиға» – Қазақстанда тіркелген тұңғыш тапсырыспен кісі өлтіру фактісі. Оқиға болған жерде ешқандай дәйек пен айғақтың қалмауы – тәжірибесі жоқ полицейлер үшін күтпеген қылмыс еді. Әдетте қылмыс көзден таса, оңаша жерде жасалса, бұл қылмыс жаңа жыл қарсаңындағы Алматыдағы адам аяғы басылмаған ескі аланда көпшіліктің көзінше жасалуы күдік туғызады. Куәгер көп болғандықтан оқиғаның түрліше сипат алуы сақшыларды шатастыруға алып келді. Куәгерлердің бірінің айтқаны екіншісіне үйлеспейтіні оқиғаны шиеленістіре түскен. Көз жұмардан алдын екі «Макаров» тапаншасын алып, екіншісін өзіне сенімді «Шеберге» бергенімен, қылмыскерді қылмыс үстінде ұстамаса дәлелдеу қиын.

Қожайынға оқ «Макаров» тапаншасынан атылғанмен, айғақ та, дәйек те жоқ. Жазушы құпияны соңына дейін ұстап ашпауға тырысқан. Маңызды ақпаратты бірден ашпай, оқырманды ынтықтыра түсу – жазушының стильдік ерешелігі. Негізгі қылмыстың ашылуына 1998 жылдың 31 наурызында Науаи мен Аңғарлы көшелерінің қиылысындағы «Мерседес» көлігіндегі жастардың өзара даурығуы себеп болған. Тінту барысында жүргізуші орындығының астынан 9 мм-лік оқтың бір қорабы табылуы, жүргізушінің лейтенант Сүгірбаевты жүректен атып, екіншісіне оқ жаудырып, көзден ғайып болуы оқиғаны шиеленістіре түскен. Бұл шығармада да қылмыскер құтылғанмен көліктегі екі жігіт алғашқы тергеу барысында басшыларының атын атап беруі мен «Шебердің» жендетке жанашырлық танытып, үйіне қондырып, киімін ауыстыруға көмектесуі финалды жақындатқан.

«Оқиғаның шешімі» – «Макаров» тапаншасының табылуы. Сарапшылардың Владимир Петровтан алынған тапаншаның оғы бес жыл бұрын кәсіпкер Роман мен жүргізушісін атқан «Макаров» тапаншасының оғымен сәйкес келетінін анықтауы – оқиғаның шарықтау шегі. Екі полицейдің өлімін арқалаған жендет Романның өліміне тапсырыс беруші де «Шебер» екенін жасырмады. Романды өлтіруді ойлаған «Шебер» Ауғанстанда әскери жаттығудан өткен Ресей азаматын оңай тапты. Жүрісі суық, сақ Петров адам өлтіргені үшін Ресейде он екі жылға сотталып, үш жылдан кейін түрмеден қашып, несібесін көлеңкелі жұмыстардан тауып жүргенде, жиырма мың доллар үшін кісі қанын жүктеудің еш қиындығы болған жоқ.

«Эпилог» – Роман мен жүргізушісін, екі полицейді оққа байлаған қылмыскерге 2003 жылы өлім жазасына үкім кесіліп, Алматыдағы №1 тергеу изоляторында атылуы. Бақталастық, қызғаныш пен ақша үшін жасалған қылмыстан адам баласының азғындауы, адамгершілік құндылықтардың аяқасты болуы байқалады.

Е. Бейсенов «Ағайындылардың ажалы» әңгімесінің кіріспесінде алдымен Жетісу өңірінде орын алған қанды оқиға мен марқұмдар туралы ақпарат берген. Жазушы шегініс жасап, оқырманды Ерназар қартпен, Асқар, Дәурен, Кенжеболат есімді ұлдарымен жақынырақ таныстырады. Отағасына берілген: «Ерназар – аудан іргесінде орналасқан, іргесі бүтін, түтіні қалың ауылда мал ұстап, құс асырап, қазақы қоңыр тірлігін шалқытып отырған, ешкімге зияны жоқ, өз ортасына қадірлі жан», – деген сипаттамадан отбасы туралы толық ақпарат алуға болады [3, 15-б.].

Т.Тәшенов жоғарыдағы мақаласында: «...өркениетті елдерде детектив жанрының дамып кетуі негізінде ол жақта ғасырлар бойы қала тіршілігінің үздіксіз қайнап жатуынан. Өзін-өзі өлтіру, маньяктар, жезөкшелер, ұры-қарылар өмірі – қала өркениетінің улы жемісі.

Қазақ халқының қалаға шоғырлануы (урбанизация) енді-енді жүзеге асып келеді. Сондықтан үлкен қалаларға тән психология бізге әлі сіңісіп болған жоқ», - деген болатын [14, 1-б.]. Бұл әңгімедегі күдікті топ – үлкен қаланың тұрғындары емес, көрші ауылдың бір қыстауындағы баукеспе Мақсат пен оның сыбайластары. Осыған қарап қылмыстың тек үлкен қалаларда емес, адамзатқа ортақ екенін бағамдаймыз. Қазақ халқы ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысқандықтан, барымта, ұрлық дегендердің малдың төңірегінде болатыны тарихтан белгілі. Алайда шығармада малға емес, үш бірдей азаматқа қарулы шабуыл жасалған. Мақсат ағайынды жігіттердің қалаға қай күні, қанша бас алып баратыны мен қашан қайтатынына дейін хабардар. Аудан орталығына өткізетін 15 бас ірі қараның ақшасы шытыр-шытыр еткізіп санауға асыққан сыбайластарға адам өлтіру қиынға түспеді. Оқырман ағайынды үшеуге қай күні қастандық жасалатынын біледі, бірақ олардың өздері бейхабар. Осы тұста жазушы саспенс әдісін қолданған. Саспенс – ағылшын тіліндегі «suspense» сөзінен шыққан, «белгісіздік, күтудің мазасыздығы» дегенді білдіретін, оқырманның қызығушылығын арттыратын «ілулі тұрған шиеленіс», «жүйкемен ойнау» әдісі. Көркем фильм мен әдебиетте көрермен немесе оқырман қорқынышты оқиғаның болатынын күтеді, бірақ не болатынын нақты білмейді. Фильмде музыка, дыбыс, монтажбен, әдебиетте сюжетпен жеткізеді. Кейіпкерлер тағдырына алаңдаған оқырман оқиғаны мұқият болжай отырып, әрекетке жабысып қалуы мүмкін.

Алдағы оқиғадан кейіпкерлер мүлде хабарсыз болғанмен, жазушы оқырман үшін мазасыздықпен күту сезімін тудырып, «жүйкемен ойнау» әдісін оқиғаның шешіміне дейін құпия ұстаған. Мұндағы «ақылды тергеуші» – полиция подполковнигі Жасын Елгезекұлы. Жоғалған жылқысын іздеп шыққан Серік ауылға 20 шақырым қалған жерде ағайындыларды өлтіріп, оларды тонаған төртеуді көргенін ішіп отырып айтып, кейін «Пәлесінен аулақ!» деп мойындамауға тырысқанмен, тергеуші куәгерге шындықты айтқызады. Куәгердің сөзімен «жасырын қылмыскерлер» анықталып, оқырман үшін басты күдікті болған Мақсат пен Әлімнің оқиға болған жерге кеш жеткені анықталады. «Жигули» автокөлігіндегі төртеудің ағайынды кәсіпкерлерге оқ атқаны 15 жылға, «атқосшылары» 7 жылдан арқалап кете барды. Үш перзентінен бірдей айырылған ата-ана құсадан бірінен соң бірі көз жұмған соң, олардың мал-мүлкін әкім мен имамның рұқсатымен ауыл адамдарының бөліп алуы, ауылдың жұмыссыз жастарының жоспарлы түрде адам өлтіруі халықтың әлеуметтік тұрмысынан хабар береді. Бұл – тоқсаныншы жылдардағы жаппай жұмыссыздықтың әдебиеттегі көркем бейнеленуі.

Әлібек Байболдың «Миллион» әңгімесінің оқиғасы да детективтік шығармаларға тән қылмыстан басталып, негізгі оқиға шегініс арқылы өрбиді. Кейуана таңғы сағат алтыда жанұшырып көмек сұрағанмен, оған селт еткен тұрғын болмады. Әйелдер жағы таңсәріде далаға жалғыз шығуға қорықса, ер азаматтар салғырттық танытты. Оқиғаға шегініс жасалғанда Алматы қаласындағы Абай мен Атынсарин көшелерінің қиылысындағы алты қабатты үйден көмек сұрай жүтірген – жасы жетпістен асқан Айсара атты кейуана екенінен хабардар боламыз.

Жұмбақ оқиғада жасалған қылмысты ашу аға лейтенант Сапарбаев пен тергеуші, капитан Жақыповқа жүктеледі. Ізкесушілер көршілерден сұрақ-жауап ала жүріп іліктің шетін шығарады. Самал, Сәкен, Жанар, Аслан, Ақерке есімді көршілер мен аула тазалаушы, дүкенші, студент қыз Құралай тәрізді қосалқы кейіпкерлердің жауаптарынан логикалық пайымдау жасалған. Тергеуші Жақыпов Ақерке кейуананың бейнелеп берген кісісін фотобейнесі арқылы тапқанда, оның ауруханада жатуы – детективтегі «жалған іздердің» көрінісі. Оқырман қылмыскер табылды деп отырғандағы жалған ақпарат – детективке тән оқырманды адастыратын деталь.

Айғақтар мен дәлелдерді табу оңай болмағанмен кәсіби қызметкерлердің тәжірибесімен тергеу барысында күдіктілер дәлелденіп, оқиғаның шарықтау шегінде

шындық ашылады. Басты кейіпкерлердің болмысы мен логикалық ойлау қабілеті қылмысты ашу барысындағы диалогпен толыға түседі.

«-Қанды көрдің ба?!

Тәжірибесі әлі толыспаған, дегенмен көзінде оты бар лейтенант подъезге шықты да, қайтадан оралды.

- Иә.

- Енді, тыңда! Меніңше, қылмыскерлер ойран-топырды бірден бастамаған. Алдымен пышақпен қорқытқан. Себебі, әлгі айқай таңғы сағат алтының кезінде естілген.

- Мүмкін тапаншамен шығар?!

- Оны да жоққа шығара алмаймыз. Бірақ, гильза қайда? Мұнда «оларда пистолет болса, оны неге қолданбады?! Деген сұрақ туындайды» [3, 27-б.].

Аға лейтенанттың тәжірибесіздігі мен капитан Жақыповтың қырағылығы қылмысты ашу үстінде даралана түскен. Айғақсыз қылмысты ашуда криминалистикада кемінде екі-үш болжам жасалатын болса, капитанның қылмыскерлердің екеу екенін олардың аяқ іздерінен анықтап, дене-тұрқын да шамалағаны, бір айдың көлемінде олардың қайта келіп іздегендерін алатыны туралы болжамдары қылмыскерлерді ұстауға септігін тигізеді.

Кемпірдің сеніміне кірген сантехник Берікке 400 мың теңге керек болғанда, кейуананың жиып жүрген миллион теңгесі барын есіне түсіреді. Ақшаны ұрлауға ұзынтұра көршісі көмектесіп, іс насырға шауып, спортпен айналысатын немересі мен кемпірді пышақтап өлтіреді.

Шығарманың шешімі – қылмыстың ашылып, қылмыскерлердің анықталуы. Детектив шығармаларды классикалық, психологиялық, криминалдық деп жүйелейтін болсақ, бұл туындыдан аталған белгілердің барлығын кездестіруге болады. Ақша ұрлаймыз деп отырып, екі бірдей адамның өлімін мойындарына жүктеген қос қанішер бір миллион үшін адам өлтіргенін ойлайтын болсақ, бұл біріншіден, олардың әлеуметтік жағдайының төмендігін, екіншіден, ақшаның соңында неге де дайын екендігін көрсетеді. Кемпірдің сеніміне кірген Беріктің ешкімнің көзіне түспеу үшін кештетіп келуінің өзі – түпкі ойының бұзықтығы. Өу бастан өзгелердің көзіне түскісі келмеген сантехниктің ойлағаны – кемпірдің жиған-терген бір миллион ақшасын жымқыру. Кейіпкерлердің ішкі әлемін ашуда қылмыс себебінің әлеуметтік, психологиялық астарына үңілуде автор қылмыскерлер мен тергеушілердің ішкі әлемін ашуға тырысқан.

Қуандық Шамахайұлының «Екеудің салған ойраны» әңгімесіне бақталастықтан туған қасірет арқау болған. Кәсіпкер Естайдың тасы өрге домалағалы Пак тірлігінің кейін кете беруі оқиғаны шиеленістіре түскен. Өзіне бәсекелес кәсіпкер Естайды жақсылап бір қорқытып алуды көздеген Пак оның ескі танысы Сергейге қамқорлық танытқандай болып, қойнына бір бума ақшаны тықпалап отырып, өтінішін айтуы қылмысты жақындатқан.

Естайдың Мәскеуде жүріп Әсияға жиі-жиі қоңырау шалуынан оның жан дүниесіндегі қобалжу байқалады. Кезінде өзімен серіктес болған Сергейдің кейін ішімдікке салынып, одан нашақор болып кеткенін білетін Естайдың үйіне қоңырау шалған ескі досынан секем алуы – жан дүниесіндегі мазасыздық. Жекелеген тараушаларға бөлінген әңгімеде бірде Мәскеудегі Естайдың, енді бірде қаладағы отбасының жай-күйі жекелеген эпизодтар арқылы параллель суреттелген. Үлкен қаладағы зәулім үйінде алаңсыз отырған Әсияға Сергейдің қоңырау шалуы, үйіне баса көктеп келген екеудің Әсия мен үш баласын бауыздап кетуі – есірткіге тойып алған қылмыскердің қанішерлігі.

Оңаша үйде, қараңғы түнде орын алған қылмысты көрген-білген тірі пенде жоқ. Қылмыскерлерді оқырман білгенмен, ешқандай айғақ жоқ. Сондықтан тергеушілер мен криминалистерге қылмысты ашу оңайға түспеді. Тергеу процесі туралы А.Д. Белашева, А.А. Крекова «История появления жанра детектива» деген мақаласында «Процесс расследования является важнейшим элементом детективной литературы. Часто детектив опрашивает подозреваемых, собирает улики и использует дедуктивные рассуждения, чтобы

собрать воедино головоломку. Читателю часто также предлагаются подсказки, позволяющие ему попытаться разгадать тайну вместе с детективом. Разгадка тайны обычно раскрывается в драматической кульминации, когда детектив объясняет, как они раскрыли преступление», - деген болатын [8, 13-б.]. Мұнда да кәсіби мамандардың тәжірибесі арқасында қылмыскерлер құрықталып, тоғыз айдан кейін тиісті жазаларын алады. Тоғыз айға созылған қылмысты іздестіруде жазушы «жүйкемен ойнау» әдісін пайдаланған. Қылмыскерлер қанша жерден мойындамай, Жоғарғы Сотқа шағымданғанмен әділ сот дұрыс шешім қабылдап Үкім шығарды. Үш баласы мен сүйген жарының қырқына дейін зиратқа барып түнеген Естайдың түсіне Әсия кіріп: «Естай, үйге бара ғой. Еңсеңді көтер», - деп демеу білдірді. Жазушы түсті болашақты болжау, жазықсыз марқұмдардың тынышталуын білдіру мақсатында пайдаланған. Алайда, содан кейін ғана есін жиған Естайдың жүрегіндегі жан жарасы жазылмайтыны белгілі.

Жанар Қалибекқызының «Ойыншық» жұмыртқа» әңгімесінің оқиғасы неміс зергері Карл Фаберженің көрмесіндегі жұмыртқа төңірегінде өрбиді. Мұражайдағы гидтің айтуы бойынша зергердің алтынмен аптап, күміспен күптеп жасаған 71 жұмыртқасының 54 данасын орыс патшалары III Александра мен II Николайдың тұсында тапсырыспен жастаса, кейбіреулері із-түссіз жоғалған. Суреттері сақталған жоғалған жұмыртқалардың ішінде Айғанымның көзіне оттай шалынған – әжесінің сандығындағы «апамның көзі» деп отыратын әдемі ойыншық.

«Астында «II Николайдың анасына сыйлаған сары раушан гүлді жұмыртқа» деп жазылған жазуы да бар-тын. Бірде әжесінен ойыншықтар туралы сұрағанында: «Шырағым, менің кішкентай кезімде анам баласы екеуі ақ патшаның қабылдауында болған екен, содан осы жұмыртқаны «патшаның сыйлығы» деп алып келіп, маған берген. Көп ұзамай Кеңес үкіметі орнап, біз жер аударылып, әкем атылып кеткен кезде де бұл сыйлық қалтамда жүріп аман қалды. Кейіннен патша берген деген сөзден қорқып, ешкімге көрсеткен емеспін», - дейтін сөзінен көп сырды аңғаруға болады [3, 40-б.].

Мұрағатта қазақ зиялыларының Николай патшаға барғаны туралы дерек болғанмен, оның жұмыртқа сыйлағаны туралы ешқайда айтылмаған. Әжесінің хан тұқымынан екені сырт көзге байқалғанмен, өз аузынан әкелері туралы ештеңе естіген емес. Соған қарағанда, патша балаға оны ойыншық ретінде берген сыңайлы. Гидтің: «Бұл жұмыртқалардың бағасы өте қымбат, сондықтан оны иелену үшін талай адам қылмысқа барған», - деген сөзіне қарағанда, әжесінің сандығындағы жұмыртқа да аса қымбат екені белгілі.

«Қызымның айтқаны рас болып, ойыншықты қымбатқа сатсақ, ақшасын бес балама теңдей етіп бөліп беремін» деген арманына жете алмай кейуана өмірден өтті. Немересі Айғаным екеуінің алтын жұмыртқаны тыққан жерін ешкім білмейтін, бірақ анасының айтуы бойынша әкесі иттің үйшігінің астын қазып іздегенде ол жерден ештеңе табылмайды. Әкесі мен қызы құпия қазынаның қайда кеткенін білмей дағдарғанда, Айғаным өз анасы ұрлап, төркініне асырып жіберген болу керек деген болжам жасайды. Автор оқырманды адастыру мақсатында нағашысын күдікті етіп көрсетеді. Оқырман жақында ғана қара шаңырақты казиноға салып жіберген нағашысын ұрыға балап, Айғанымның жылай бергенін әжесін қимай жүр деп отырғанда оқиғаның шешімі басқаша өрбиді.

Әкесі: «- Қызым, құрып кеткен жұмыртқа үшін үшін өзінді кінәлама. Оқуыңды оқы, әкенің малы балаға мал болмайды дейді ғой, өз еңбегіңмен тапқанға ештеңе жетпейді. Әрине, ол сен айтқандай көп ақша тұрса, талай жыртығымыз жамалып қалар еді, амал қанша?» [3, 44-б.], - деп әжесінің жетісін берген соң Айғанымды қаладағы оқуына шығарып салады. Жазушы «оқырманмен ойнау» әдісін пайдалануда қылмыскерді жасырын ұстаған.

Айғаным поезға жайғасқан бойда Русланның нөмерін тере бастады:

«- Алло, жаным, бәрі ойдағыдай өтті. Біз ойлағаннан да оңай болды. Ешкім менен күдіктенген жоқ, жұмыртқаны сата бер, біз миллионерміз, - деді ол. Ішінен; «Әкенде болғанша, алғаныңда болсын» деп қазақ бекер айтпаған ғой, - деді күбірлеп» [3, 44-б.].

Осылайша, оқырман үшін ойламаған жерден күтпеген шешім жасалып, қылмыс та, күдікті де ашылады. Бұл қылмысты қоғамдық емес, моральдық мәселе қатарына жатқызуға болады. Себебі, ұрлық жасауға жеке бір кейіпкердің моральдық азғындауы себеп болған. Айғаным әжесінің алтын жұмыртқасын ұрлау арқылы өз ата-анасына қастандық жасап отырғанын түсінбеді. Әжесінің өмір бойы адам баласына айтпай сандығында сақтап, бес бірдей баласына бөліп бермек болған қазынасын немере қызының жымқырып кетуі – ақылға сыйымсыз. Әдетте қыз балалар қолында барын тәркініне таситын болса, Айғанымның әкешесінен ұрлап отырған қазынасы болашақ жарының қолында болуы өкінішті. Осының өзінен қазіргі таңда жастардың психологиясы өзгергені байқалады. Адами құндылықтардың орны ауысып, ата-анасынан дүниенің артық болуы – ХХІ ғасыр жастары үшін қалыпты жағдай болғанмен, оқырманның оны қабылдай алмайтыны анық. Авторлық ұстаным – «Әкеңде болғанша, алғаныңда болсын» дегенге саяды. Әдетте көркем шығарма, соның ішінде детектив шығармалар белгілі деңгейде оқырманды тәрбиелеуге қызмет ететін болса, оқырманның Айғанымға ұқсамауға тырысары анық.

Гауһар Нұрханованың «Жалғыздың кегі» – қылмыс оқиғасы арқылы адам жанындағы психологиялық терең сезімдерді көрсететін детектив әңгіме. Оқиға былай басталады: «Түнімен уілдеген жел. Тұяқты тыныш ұйықтатпады. Екі жыл бұрынғы жалғыз ұлының қазасы қабырғасын қайыстырып, қасақана өлтірген адамар табылмай, тергеу ісі уақытша тоқтатылғанын естігенде, жұмыр жүрегі кеудесіне сыймай жүрген. Содан бері ұйқы қашты. Бүгінде миында қайнаған миллион сұрақ жарғақ құлағын жастыққа тигізер емес» [3, 45-б.]. Жазушы кейіпкердің жандүниесіндегі арпалыстың астарын ашуға ден қойған.

Кеңестік дәуірде ауған соғысында болған Тұяқ үшін жалғыз ұлынан айырылудың оңай болмағанын оның ішкі күйзелісінен көруге болады. Детектив шығармаларға тән мұнда да құпия жағдайда орындалған қылмысқа тап боламыз. Ертілеудің «Мен Қуанышты өлтірген адамды білемін» деген бір ауыз сөзінің түбіне үңіліп, сол күнгі ерегестің неден басталғанын сұрастыра бастағанда қолға ілік ілінді. Ол – Қуаныштың Ербол деген баламен ерегесіп қалуы, оның 15 баланы ертіп келуі. Айғақ пен дәлелдің болмағанымен, күдіктілердің бірнешеу болуы, іліктің пайда болуы үміт отын жағады. Қуаныштың тұншығып өлуі мүмкін деген сараптама қорытындысы қисынға келмегенмен, күдіктілердің босатылуы оқиғаны шиеленістіре түскен.

Автор оқырманды қылмыстың психологиялық себебін ашуға жетелейді. Шағын әңгімеде кек пен әділет, қоғамдағы немқұрайлылық, адам тағдырына жауапкершілік тәрізді мәселелер көтерілген. Тұяққа Қайрат, Нариман, Шерханның көмектесуі, күдіктілер қатарында алдымен Жүрсіннің жазалануы, оның Тұяқтың үстінен арыз жазуы, негізгі қылмыскер Ербол тәжірибе алмасу үшін Америкаға оқуға кеткендіктен, досы Жүрсіннің Тұяқтың қолына ілігуімен оқиға шиеленісе түскен. Г.Е. Дүйсен, Б.М. Сүйеркүл, Қ.А. Қыдырбай тәрізді ғалымдар «Этникалық және мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы агиоантропонимдердің рөлі» атты мақаласында түркі халықтарының ат қоюға байланысты салт-дәстүрлерінің рухани тамыры тереңде жатқанын айта келіп, ислам дінін қабылдағаннан кейінгі дінге байланысты қойылған есімдердің астарына үңіледі [15, 176-б.]. Осы тұрғыдан алғанда, әңгімедегі кейіпкерлердің есімінен қазақ халқының наным-сенім, салт-дәстүрге қатысты ерекшеліктерін байқауға болады. «Тұяқ» – ұрпақ жалғастығы, «Қайрат» – күш-қуат, жігер, «Шерхан» – арыстандай батыл, күшті, ержүрек, «Жүрсін» – аман-сау жүрсін, Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатима мен күйеу баласы Әли арқылы тараған Сейіт – қадірлі, құрметті болсын деген мақсатта қойылғаны анық. Сейіт (Саид, Сейидь) – ғалымдар айтқандай, ислам дінінен кейін араб тілінен келген «мырза, бастық, әкім» дегенді білдіретін есім. Осы мысалдардан қазақ халқы балаға есімді ырымдап қоятыны байқалады.

Оқиға соңындағы тосын шешім – Жүрсіннің өлімі. Қуанышты өлтіргендердің жазадан құтылып, баласы үшін кек алған Тұяқтың 20 жылға сотталуы біздің қоғамның былықтары ретінде суреттелген. Эпилог – құқық қорғау органдарының әккі қызметкерлері бір ай ішінде

Жүрсіннің өліміне қатысы бар жеті жігітті бірінен соң бірін құрықталуы. Тұяқ сот үкімімен Қылмыстық кодекстің 389-бабымен өзінше билік еткені үшін, 125-бабымен адам ұрлағаны, 99-бабымен адам өлтіргені үшін кінәлі деп табылып, мүлкі тәркіленіп, 20 жыл мерзімге жабылса, жанындағы екі жігіт 16 жылдар, Жүрсіннің досы Сейіт досына опасыздық жасағаны үшін 7 жылды, нариман, Шерхан және жүргізушінің әрқайсысы 3 жылдан бас бостандығынан айырылды. Жазушы кейіпкерлердің ішкі күйзелісін ашуда шиеленісті біртіндеп күшейтіп отырады.

Тоқсан күннен кейін Жүрсіннің мәйіті табылғанда оның келіншегінің шекесі торсықтай ұл табуы – оның кінәсіз екенінің айғағы ретінде суреттелген. Ал, жалғзынан айырылған Тұяқтың кек қайтарамын деп жүріп өзі 20 жылға сотталуынан «ашу – дұспан, ақыл – дос» екенін оқырман түсінеді.

Арман Жусанбайдың «Қанды сурет» әңгімесінің оқиғасы да белгісіз қылмыстың куәгерлерін іздестіруден басталады. Кәмелетке толмаған қыз баланы ұрлаған қылмысты ашу Санатқа тапсырылса, оған басшылық ету каптиан Қамбаровқа жүктелген. Кейіпкер бейнесін толықтыруда кейіпкер сөзі үлкен қызмет атақаратын болса, Аркадий Семеныч Литовченконың: «Сен басқаларға қарағанда ысылған мамансың. Мына қылмыс саған берілген сынақ, емтихан деп біл! Басшылар сенім артып отыр. Жерге қаратпассың!», – деген сөзі аға тергеуші Қамбаровтың бейнесін толықтыруға қызмет етеді [3, 54-б.].

Әйгерім Жаманова туралы көршілері де артық ештеңе айтпағанмен, аула сыпырушының: «Тергеуші жолдас, сен ана сужүрек байын абайла! Сол өгей әкесінен қорқамын. Түбіне сол жетпесе...» деген сөзі күдіктіні алыстан іздеудің қажеті жоқтығын ескертеді. Кейіннен табылған куәгерлердің айтуы бойынша Әйгерімнің түскі екілер шамасында мектепке жақын саябақта жүргеніне қарағанда ол сабаққа бармаған. Сонымен бірге жинақы киінген, жасы қырықтар шамасындағы қара көзілдірік таққан әйелдің Әйгерімді жетектеп бара жатқанын көрген куәгер де шықты.

Екі аптадан соң қаладан жиырма шақырым жердегі «Жансая» саяжайынан жас қыздың мәйіті табылуы шешімді жақындатқан. Бұл кезде Алматы қаласы мен жақын аудандардан кәмелетке толмаған қыздар мен әйелдердің жоғалуы жиілеген. Жансаяның мәйітіне жасалған сараптама мынадай қорытынды жасады: «Қыз азапталып, зорланып өлтірілген. Қыз бойынан алынған ер адамның шауқатын тексергенде қан тобы анықталды. Шамамен жасы 40-45-тегі ер адам болуы мүмкін. Одорологиялық сарап күдіктінің европалық нәсілді екенін растаған. Келесі құрбаны кім? Қай тұстан із тастайды? Қалай да жолын кесу керек! Олай етпейінше, жазықсыз құрбандар саны арта түсуі мүмкін» [3, 58-б.].

Бірінші болжам – педофил болу керек дегенге сайса, екіншісі – өгей әкені, үшіншісі – қырықтардағы әйел адамды нұсқайды. Сараптама қорытындысы аталған болжамдардың бәрін жоққа шығарып, төртінші нұсқаны ұсынып отыр. Айғақсыз қылмыстарды ашу үшін криминалистика ғылымында кемінде үш болжам жасалатын болса, мұндағы болжамдардың барлығы да нысанды таппауы – «оқырманды алдау».

Қылмыстың ашылуына себеп – белгісіз жанның түн ішінде Санаттың қасына келіп темекі тұтатып отырып: «Рас, соңғы кездері қала тым мазасыз. Елдің бәрі үрейлі... Бейшара қыздарды өлтірген кім болуы мүмкін, білмейсіз бе?», - деп қолапайсыз әрі ыңғайсыз сұрақты төтесінен қоюы. Сонда бұл кім? «Біраз үнсіздікті бейтаныс ер адам бұзып: «мақұл, мен кеттім. Жолыққанша!» деп орнынан жылдам көтеріле берді. Санат отырған орнында қалшып қатты да қалды. «Бұл не? Жын ба, пері ма?.. Іле сәкіден көтерілген ол бөтен кісінің соңынан жүгіре басқан» [3, 59-б.].

Бойшаң адам қала шетіндегі мыжырайған жер тамның бірінің қақпасына кіргенде Қамбаровтың Айдаровқа қоңырау шалып, күдікті нысанды күзетуді, штаб бастығы, полковник Насыровтың күдіктінің қыр соңынан қалмай, ізін аңдуды тапсыруы – оқиғаның шарықтау шегі болса, шешім – күдіктінің қылмыс үстінде ұсталуы. Оны жазушы былай суреттейді: «Әйел қанына қолын малып үлгерген жауыз жандалбасалап, өзіне-өзі қол

салмаққа әрекеттеніп бақты. Мұнысынан ештеңе өнбесіне көзі жеткен соң, қақпанға қабылған қасқырша аласұрып, ызадан ыңырысып, тісін қайрай берді» [3, 60-6.].

В.А. Баранова «Искусство расследования в зарубежных детективах» мақаласында былай дейді: «Искусство расследования в зарубежных детективах дает нам представление об умениях крупных детективных героев – от утонченной наблюдательности Шерлока Холмса до изощренной интуиции Эркюля Пуаро. Каждый из них обладает своими неповторимыми методами и приемами, способными раскрыть самые сложные преступления» [8, 9-6.]. Шетелдік детективтік әдебиеттегі тергеушілердің күрделі қылмыстарды шешуде өзіндік әдіс-тәсілдері болатын болса, Қамбаровтың да өз тәсілдері бар. Ол – қылмыскердің ізіне түсу, үйіне тінту жүргізуде айғақ заттарды табуы. Айғақ зат – Косневтің үйіне тінту жүргізгенде жертөледен табылған қыш құмыраға ұқыпты оралып жасырынған адамның 11 құлағы. Шешім – алты жас өспірім қыз бен бірнеше әйел адамды азаптап, зорлап өлтірген айуанның сот шешімін естігенде көзі атыздай болуы.

Қанат Ғұмаровтың «Түнде жортқан қасқырлар» әңгімесіне Атыраудағы тамылжыған жазғы түнде жанармай бекетіне шабуыл жасаған, коттедждегі бай-бағландарды тонаған қарақшылардың ісі арқау болған. Алдымен жанармайды тонап із суытқан үш қарақшы, енді қатарларына төрт жігітті қосып, қаруланған топ коттеджге жиналып «гарбі» ойнап отырғандарды тонауда. Айғақ қалдырмай, ізін жасырып үйренген қарақшылар ізкесушілерді шатастыру үшін қаланың әр түрлі аудандарында тонаушылық жасайды.

Жанармай бекеті мен коттеджге қарулы қарақшылық жасағандардың артында айғақ қалмағандықтан, оларды тұтқындау оңайға түскен жоқ. Сол үйдің алдында салынып жатқан коттедждегі екі өзбектің орнына ормандағы жігіттірде қою, күдікті деп табылған Эдуард Ғайсовты қылмыс үстінде ұстау үшін оның сыбайласы Бекіровтің соңына түсу, кафеге алқасалқа киінген қаңғыбас кейпінде барып олардың әңгімесін тыңдау – қаруланған қарақшыларды қылмыс үстінде ұстауға жасалған қадам. Алмасовтың үйіне кезекті қарақшылық жұмысын талқылауға жиналған қарақшыларды құрықтауда полицейлердің бірі қызымен кездескен құрылысшы жігіт болып күдіктілерді суретке түсіруі, екіншісі қаңғыбас адамның кейпінде жүріп әңгімелерін тыңдауы олардың кәсіби шеберлігін аша түскен. Күдіктілердің суреттерін тексере келгенде, бұрын сотты болған қылмыскерлер екені анықталып, қаладағы үлкен сауда үйі директорының үйін тонау жоспарын құрмақ болған қарақшылар өздеріне құрған қақпанға түсті. Бетпердемен, қарумен жүретін қарақшылар қаланың әр ауданындағы ауқаттылардың үйін тонауда із жасыруымен «жүйкемен ойнау» әдісін пайдаланған. Айғақсыз қылмысты ашу барысында бірнеше болжам жасалып, күдіктілерді қылмыс үстінде ұстау үшін алдымен Бекіровтің, кейін Қалидың соңында апталап жүруге тура келді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, талдау нысанына алынған 2018 жылдан бері «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС ұйымдастырып жүрген республикалық детектив шығармалар байқауының бірінші жылғы жеңімпаздарының әңгімелерінде детектив шығармаларға сай кіріспе, қылмыс немесе құпия оқиға, тергеудің басталуы, шиеленіс, шешімі, қорытынды мұқият сақталған. Детективті әңгімелерге өмірден алынған шынайы оқиғалардың арқау болуынан «әдебиет – өмірдің көркем шежіресі» екенін бағамдауға болады. Қызғаныш, көрсеқызарлық, көреалмаушылық, дүниеқоңыздық, санасыздық тәрізді теріс пиғылдардың адамзатпен бірге өмір сүретіндігі нақты оқиғалар негізінде шынайы бейнеленген. Әдебиет оқырманды танымдық, тәрбиелік, эстетикалық жағынан тәрбиелейтін болса, жоғарыда аталған шығармалар оқырманды жалпыадамдық құндылықтарға тәрбиелейді. Бұл әңгімелер – қазіргі қазақ детектив жазушылары ұлттық әдебиеттегі С. Сейфуллин, Қ. Исабаев, К. Тоқаевтар қалыптастырған дәстүрдің заңды жалғасы болып табылады. Шығармаларға өмірде болған оқиғалар арқау болғандықтан, жазушылар қылмысты ашу кезіндегі тергеуші, сот, полиция қызметкерлерінің тынымсыз тірлігімен біз өмір сүріп отырған қоғамдағы

криминалистиканың астарына үңілген. Бас кейіпкерлердің болмысына үңілуде қылмыскерлер мен қарақшылардың адам қанын жүктеуде ешқандай шімірікпеуімен қазіргі таңда өмір сүріп отырған замандастарымыздың азғындауы шынайы бейнеленген. Қарақшылық пен үлкен қылмыстардың үлкен қалаларда ғана емес, қазақ баласы өмір сүретін шалғай ауылдарда да жасалып жатқанынан, детектив шығармалардың дамуына урбанизацияның ешқандай қатысы жоқ екендігі анықталды.

Зерттеу нысанына алынған шығармаларды талдау нәтижесінде төмендегідей тұжырым жасалды:

1. Т. Берікқызының «Шебердің шындығы» мен Е. Бейсеновтің «Ағайындылардың ажалы», Қ. Шамахайұлының «Екеудің салған ойраны», Ж. Қалибекқызының «Ойыншық» жұмыртқа» шығармаларында жазушылар «оқырманды алдау», «жүйкемен ойнау», «саспенс» әдістерін пайдалана отырып оқырманын ынтықтыра түскен. Әңгімелерге арқау болған қылмыс адам баласының пиғылы бұзылуын, адамгершіліктің аяқ асты болып, бақталастық, қызғаншақтық, дүниеқоңыздық тәрізді пиғылдардың жетегіне ергендердің өз туғанына опасыздық жасауы, адамды саналы түрде өлтіруі – екі аяқты пенделердің азғындауы.

2. Ә. Байболдың «Миллион», Қ. Ғұмаровтың «Түнде жортқан қасқырлар» әңгімесін әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың төмендігінен құтылуы үшін жасалған қылмысқа жатқызуға келмейді. Себебі, екі әңгімеге де саналы түрде жасалған қарақшылық қылмыс арқау болған. Кейуананың жинаған ақшасын тонамақ болғандардың ісі насырға шауып, екі адамды бірдей өлтіруі кездейсоқтық болғанмен, шешуші сәтте ешқандай шімірікпей адам қанын жүктеу. Қ. Ғұмаровтың «Түнде жортқан қасқырлар» әңгімесіндегі саналы түрде тонауға барған қарулы қарақшылардың ісінен әлеуметтік жағдайға қарағанда, адам психикасының бұзылуы байқалады. Жазушылар қылмысты ашуда «жалған іздер», «оқырманды адастыру» әдістерін пайдаланған.

3. Талдау барысында Г. Нұрханованың «Жалғыздың кегі» әңгімесі психологиялық детектив екені анықталды. Заң орындаушыларынан жасырын әрекет етіп, жалғыз баласының кегін алмақ болған Тұяқтың 20 жылға сотталуы – «ашу – дұшпан, ақыл – дос» екенін оқырманның есіне салады. Әділет, жалғыздық және кек тақырыптарын шебер ұштастырған жазушы кейіпкердің жан дүниесіне үңілуде, жалғыз ұлдың кегін қайтарамын деп жүріп өзі ұзақ мерзімге сотталған Тұяқтың ісімен оқырманға ой салған.

4. А. Жусанбайдың «Қанды сурет» әңгімесіне психикасында ақауы жоқ кейіпкердің саналы түрде кәмелетке толмаған жасөспірімдерді ұрлау, зорлау, қорлау фактілерімен сотталған азғынның қылмысы шынайы бейнеленуімен ерекшеленеді. Жазушы қылмысты ашуда «оқырманды алдау» әдісін, кейіпкерлер болмысын сомдауда көркем детальдарды тиімді пайдаланған.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2025-2027 жылдарға арналған АР26101121 «Қазақ детективі: тарихы, формалары, функциялары» іргелі ғылыми-зерттеу жобасының қаржыландыруы негізінде жарияланды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Детектив и политика. Выпуск 4. – Москва: Изд-во Агентства печати Новости, 1989. – 258 с.
2. Серт: Қазақстан жазушыларының детектив шығармалары. 2 томдық. Т. 1. – Алматы: Жібек Жолы, 2021. – 416 б.
3. Шытырман. Детектив шығармалар жинағы. – Алматы: «Заң» медиа-корпорациясы ЖШС, 2022. – 381 б.
4. Mirbağirova S.A. Azərbaycan ədəbiyyatında detektiv janr dünya ədəbiyyatı kontekstində: Fil.elm.name ... dis. – Bakı, 1998. – 185 s.
5. Mamedova İ.M. Müasir Amerika və Azərbaycan ədəbiyyatında detektiv janrının yeni çalarları: Fəlsəfə doktoru (PhD) ... müəllifin xülasəsi. – Bakı, 2010. – 22 s.

6. Жунусова А. Жазушы Кемел Тоқаев және қазақ әдебиетінің детектив жанрын ЖОО-да оқыту: Философия докторы (PhD) ... дис. – Астана, 2023. – 135 б.
7. Zhunusova A., Kenesbayeva Sh., Tulekova G., Nurpeissov N., Turysbek R. Tracing the History of the Detective Genre in Literature: A Qualitative Study Based on Interviews with Literary Critics // International Journal of Society, Culture Language. – 2023. – Vol. 11, No 3. – P. 13-22. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.1999960.2998>.
8. Детективный жанр в искусстве: социальный, психологический, литературный аспекты в прошлом и настоящем // Материалы Всероссийской научно-практической конференции студентов и магистрантов / под общ. ред. Киреевой Н.В. – Воронеж: НАУКА-ЮРИПРЕСС, 2024. – 165 с.
9. Агафанова М.Н. Жанр детектива и творчество Ж.Сименова // Сб. трудов СОПИ. – 1974. – №1. – С. 1-12.
10. Лампорт Е. Америка в отражении детективного жанра // Независимая газета. – 1993. – 15 декабря. – С.15.
11. Орда Г.Ж., Хуатбекұлы Е., Отарова А.Н. С. Олжабайдың «Қыз жылаған түн» детективті повесінің көркемдік ерекшелігі // Керуен. – 2025. – №3(88). – Б. 50-60. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-03>
12. Мансурова Э.Ж., Керімбекова Б.Д., Орда Г.Ж. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестердің жанрлық ерекшелігі // Е. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – №3 (119). – Б. 210-223. <https://doi.org/10.31489/2025Ph3/210-223>
13. Кеңшілікұлы А. Қазақ детективін қашан оқимыз? [Электронды ресурс]. URL: <https://kemel-qalamger.kz/?p=1398> (қаралған күні 17.11.2025)
14. Тәшенов Т. Қазақ детективі қашан жанданады? // Айқын. – 2009, 12 маусым.
15. Дүйсен Г.Е., Сүйеркұл Б.М., Қыдырбай Қ.А. Этникалық және мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы агиоантропонимдердің рөлі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №4 (138). – Б. 176–186. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.283>

REFERENCES

1. Detektiv i politika. Vypusk 4 [Detective and politics. Issue 4]. – Moskva: Izd-vo Agentstva pechati Novosti, 1989. – 258 s. [in Russian]
2. Sert: Qazaqstan zhazushylarynyn detektiv shygarmalary. 2 tomdyq. T. 1 [Oath: detective works of writers of Kazakhstan. 2 volumes. T. 1]. – Almaty: Zhibek Zholy, 2021. – 416 b. [in Kazakh]
3. Shytyrman. Detektiv shynarmalar zhinany [Adventure. Collection of detective works]. – Almaty: «Zar» media-korporatsiyasy ZhShS, 2022. – 381 b. [in Kazakh]
4. Mirbağırova S.A. Azarbaycan adabiyatynda detektiv janr dunya adabiyaty kontekstinda: Fil.elm.nama ... dis. [Detective genre in Azerbaijani literature in the context of world literature: dis.]. – Bakı, 1998. – 185 s. [in Azerbaijani]
5. Mamedova I.M. Müasir Amerika və Azərbaycan ədəbiyyatında detektiv janrının yeni çaları: Fəlsəfə doktoru (PhD) ... müəllifin xülasəsi. – Bakı, 2010. – 22 səh. [New shades of the detective genre in modern US and Azerbaijani literature: abstract.] – Baku, 2010. – 22 b. [in Azerbaijani]
6. Zhunusova A. Zhazushy Kemel Toqayev zhane qazaq adabietinin detektiv zhanryn ZhOO-da oqytu: Filosofia doktory (PhD) ... dis. [Writer Kemel Tokayev and teaching the detective genre of Kazakh literature at the University: dis.] – Astana, 2023. – 135 b. [in Kazakh]
7. Zhunusova A., Kenesbayeva Sh., Tulekova G., Nurpeissov N., Turysbek R. Tracing the History of the Detective Genre in Literature: A Qualitative Study Based on Interviews with Literary Critics // International Journal of Society, Culture Language. – 2023. – Vol. 11, No 3. – P. 13-22. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.1999960.2998>.
8. Detektivnyi zhanr v iskusstve: socialnyi, psihologicheski, literaturnyi aspekty v proshlom i nastoiashem [Detective genre in art: social, psychological, literary aspects in the past and present] // Materialy Vserossiskoi nauchno-prakticheskoi konferencii studentov i magistrantov / pod obsh. red. Kireevoy N.V. – Voronezh: NAUKA-IurIPRESS, 2024. – 165 s. [in Russian]
9. Agafanova M.N. Zhanr detektiva i tvorchestvo Zh.Simenova [The genre of detective fiction and the work of J.Simenova] // Sb. trudov SOPI. – Moskva, 1974. – №1. – S. 1-12 [in Russian]

10. Lamport E. Amerika v otrozhenii detektivnogo zhanra [America at the birth of the detective genre] // Nezavisimaia gazeta. – 1993. – 15 dekabria. – S.15. [in Russian]
11. Orda G.Zh., Huatbekuly E., Otarova A.N. S. Olzhabaidyn «Qyz zhylyagan tun» detektivti povésinin korkemdik ereksheligi [Artistic features of the detective story “The night when the Girl Cried” by S. Olzhabay] // Keruen. – 2025. – №3(88). – B. 50-60. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-03> [in Kazakh]
12. Mansurova E.Zh., Kerimbekova B.D., Orda G.Zh. Qazirgi qazaq adebietindegi detektivti povesterdin zhanrlyq ereksheligi [Genre features of detective stories in modern Kazakh literature] // E. Boketov atyndagy Qaragandy ulttyq universitetinin Habarshysy. Filologia seriasy. – 2025. – №3 (119). – B. 210-223. <https://doi.org/10.31489/2025Ph3/210-223> [in Kazakh]
13. Kenshilikuly A. Qazaq detektivin qashan oqimyz? [When will we read the Kazakh detective?]. [Electronic resource]. URL: <https://kemel-qalamger.kz/?p=1398> (date of access 17.11.2025) [in Kazakh]
14. Tashenov T. Qazaq detektivin qashan zhandanady? [When will the Kazakh Detective be revived?] // Aiqyn. – 2009, 12 mausym. [in Kazakh]
15. Duisen G.E., Suierqul B.M., Qydyrbai K.A. Etnikalyq zhane madeni biregeilikti qalyptastyrudagy agioantroponimderdin roli [The role of agioanthroponyms in the formation of ethnic and cultural identity] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №4 (138). – B. 176–186. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.283> [in Kazakh]

Detective Stories: The System of Events and Characters

Abstract. The article examines the development of the detective genre in modern Kazakh literature using the stories “The Masters Truth” by T. Berikkyzy, “Death of Brothers” by E. Beisenov, “Million” by A. Baibol, “Destruction Committed by Two” by K. Shamakhayuly, “Toy Egg” by Zh. Kalibekkyzy, “Revenge of the Lonely” by G. Nurkhanova, “Bloody Picture” by A. Zhusanbay, and “Wolves Prowling the Night” by K. Gumarov as examples. Although the genre, which arouses the reader's interest, occupies an important place in world literature, Kazakh writers also contribute various crimes from social life to the development of this genre. Based on specific works, an analysis was made of how writers used methods characteristic of detective fiction, such as “playing with the reader”, “deceiving the reader”, “suspense”, “playing on nerves”, “false leads”, and “misleading the reader”. In keeping with the nature of the genre, these works are also based on mysterious crimes committed under various circumstances, and the adventures of solving these crimes captivate the reader.

In a comparative-typological, structural, and literary-theoretical analysis of the system of events, the sequential development of events in detective stories was characterized by a narrative opening with a mysterious crime, a gradual development of events, an escalation of conflict, conflict between characters, a climax, and a resolution. The analysis of the character system was based on monologues, speeches, actions, and movements, as well as the life principles of major and minor characters, such as the investigator and the criminal. The importance of artistic details in solving a mysterious crime was determined and their role in shaping the plot and compositional integrity was demonstrated. The study found that modern Kazakh detective stories artistically depict social problems and criminal phenomena in society, and that such works help readers reflect on moral values.

Keywords: contemporary Kazakh prose, detective, monologue, dialogue, character speech, artistic detail.

Детективные рассказы: система событий и персонажей

Аннотация. В статье рассматривается развитие детективного жанра в современной казахской литературе на примере рассказов «Правда учителя» Т. Бериккызы, «Смерть братьев» Е. Бейсенова, «Миллион» А. Байбола, «Разрушение, совершенное двумя» К. Шамахаюлы, «Игрушечное яйцо» Ж. Калибеккызы, «Месть одинокого» Г. Нурхановой, «Кровавая картина» А. Жусанбая и «Волки, рыскающие в ночи» К. Гумарова. Хотя жанр, вызывающий интерес читателя, занимает важное место в мировой литературе, казахские писатели также вносят в развитие этого жанра различные

преступления из жизни общества. На примере конкретных произведений проанализировано, как авторы актуализируют типичные для детективного жанра приемы: игру с читателем, обман читателя, создание саспенса, использование игры на нервах, ложных следов, введения читателя в заблуждение и нагнетание психологического напряжения. В соответствии с природой жанра, эти произведения также основаны на загадочных преступлениях, совершаемых при различных обстоятельствах, и приключения по раскрытию этих преступлений захватывают читателя.

В сравнительно-типологическом, структурном и литературно-теоретическом анализе системы событий последовательное развитие событий в детективных рассказах отличалось началом повествования с загадочного преступления, постепенным развитием событий, эскалацией конфликта, конфликтом между персонажами, кульминацией и разрешением проблемы. Анализ системы персонажей опирался на исследование речи, монологов, поступков, и жизненных принципов главных и второстепенных героев, таких как следователь и преступник. Была определена важность художественных деталей в раскрытии загадочного преступления и показана их роль в формировании сюжетно-композиционной целостности. В результате исследования было установлено, что современные казахские детективные рассказы художественно изображают социальные проблемы и криминальные явления в обществе, а также что такие произведения помогают читателю задуматься о моральных ценностях.

Ключевые слова: современная казахская проза, детектив, монолог, диалог, речь персонажа, художественная деталь.

Автор туралы мәлімет

Орда Г.Ж. – филология ғылымдарының докторы, доцент, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, e-mail: Orda_68@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.

Information about the author

Orda G.Zh. – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, M.O. Auezov Institute of Literature and Art, e-mail: Orda_68@mail.ru, Kazakhstan, Almaty.

Сведения об авторе

Орда Г.Ж. – доктор филологических наук, доцент, Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, e-mail: Orda_68@mail.ru, Казахстан, г. Алматы.